

Абдрахманова Ж.,
Ермағанбетова Л.
**Сөйлеу тілі мәтіндеріндегі
фразеологиялық тұлғалардың
прагматикасы**

Бұл мақалада сөйлеу тілі прагмосемантикасындағы фразеологизмдерді окказионалды өзектілеудің прагматикалық тәсілі туралы айтылады. Қазіргі кезде прагматикалық тәсілге көп көңіл бөлініп жүр, себебі оның шығармашылық және ғылыми қыры басым. Бұл тәсіл зерттеушіге көркем мәтінді оның оқырманға қалай әсер ететіндігі жағынан, сонымен бірге осы мәтіннің семантикалық және құрылымдық-компоненттік байланысуы тұрғысынан талдау жасауына көп мүмкіндік береді.

Фразеологиялық тұлғаларды қолданудағы негізгі мақсат – контекстегі басты ойды анағұрлым ажарлы, көрікті етіп сипаттау; мағынасын жан-жақты толық ашу; іс-әрекеттің өту үдерісін нақтылау; субъектіге мінездеме беру.

Түйін сөздер: прагматика, окказионализм, фразеологизм, коммуникативті, прагмосемантика, мәтін, семантика.

Abdrahmanova Zh.,
Ermaganbetova L.
**Occasional phraseological
actualization images in the
pragmatic structure of spoken genre**

The article deals with the pragmatic method actualization of occasional phraseology in speech pragmosemantics. For today focuses on the pragmatic way of education nonce words, as this method has the advantage of creativity and science. This method allows researchers to analyze the semantic and structural-component link text.

Literature authors phraseological personality with aim of idea, image, situational versatile opens more methods occasional phraseological.

Key words: pragmosemantika, okkazional idiom, artistic text, pragmatics, semantics.

Абдрахманова Ж.,
Ермағанбетова Л.
**Фразеологические образы
в структурах текстов
разговорного жанра**

В статье рассматриваются методы актуализации окказиональных фразеологизмов в речи. На сегодняшний день особое внимание уделяется прагматическому способу образования окказионализмов, так как этот метод имеет преимущество в творчестве и науке. Этот способ дает возможность исследователю анализировать семантическую и структурно-компонентную связь текста.


Главная цель использования фразеологических единиц – это описание основной идеи в контексте. Задачи статьи: дать особую стилистическую окраску текстам разговорного жанра; раскрыть значения текстов; конкретизировать действия; дать характеристику субъекту исследования.

Ключевые слова: прагмосемантика, фразеологизм, художественный текст, прагматика, семантика.

**СӨЙЛЕУ ТІЛІ
МӘТІНДЕРІНДЕГІ
ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ
ТҰЛҒАЛАРДЫҢ
ПРАГМАТИКАСЫ**

Прагматикалық құрылымдағы сөйлеу тілі мәтіндері фразеологиялық тұлғалардың эмоционалды әсер туындатуда маңызды рөл атқарады. Аталған мәтіндердің прагматикалық толығын сөйлеу тілі мәтіндерінің прагмосемантикасындағы фразеологиялық тұлғалардың окказионалды өзектілену процесін толық ескермеуге болмайды. Бұл сөйлеу тілі прагмосемантикасындағы фразеологиялық тұлғалардың окказионалды өзектіленудің екі тәсілі бар: семантикалық және прагматикалық [1]. Мұның алғашқысы – дәстүрлі, оның негізгі мақсаты – сөйлеу тілі мәтіндерінің субъективті және экспрессивтік қыры, мәтін мен оның құрамдас бөліктерінің семантикалық құрылымының ерекшеліктері тұрғысынан алғандағы мағыналы сипатын анықтау болып табылады. Соңғы уақытта прагматикалық тәсілге көп көңіл бөлініп жүр, себебі оның шығармашылық және ғылыми қыры басым. Бұл тәсіл зерттеушіге көркем мәтінді оның оқырманға қалай әсер ететіндігі жағынан, сонымен бірге осы мәтіннің семантикалық және құрылымдық-компоненттік байланысуы тұрғысынан талдау жасауына көп мүмкіндік береді [2]. Сөйлеу жанрында фразеологиялық тұлғалар және олардың окказионалды өзектіленуі ең алдымен осы жанрлардың коммуникативтік прагматикасына қарай қолданылады. Сөйлеу тілі жанрларының мәтіні құрылымы жағынан қысқа әрі нұсқалығымен ерекшеленетіндіктен, оларды жасайтын барлық элементтердің қарапайым тілдік узвал мағынасы емес, соның шеңберінен шығатын, яғни қажетті прагмосемантикалық әсер тудыруға бағытталған контекстуалдық мақсаттағы өзекті мағынасы болады. Сондықтан да сөйлеу тілі жанрлары мәтіндерінің семантикасы олардың құрылымымен тығыз байланысты [3].

Сөйлеу тілі мәтіндері екіжақты коммуникативтілік мағынаға ие: мәтінді ең алдымен автор жасайды және кейіннен осы мәтін оны таратушы, яғни басқаларға жеткізуші арқылы қайта жасалады (қазіргі технология тіліне сүйене отырып, таратушыны тұтынушы деп атасақ та болады). Сөйлеу тілі мәтінінің коммуникативтік жағдайында (КЖ) үш құрамды бөлігі болады. Олар: автор, тұтынушы және реципиент (аудитория). Мұны біз келесі кесте арқылы көрсете аламыз:



Сурет – Коммуникативтік жағдайдың үш құрамды бөлігі

Мұндағы Автор – мәтін авторы, Тұтынушы – мәтінді басқа коммуникативтік жағдайларға таратушы, Аудитория – мәтіннің бағытталуы. Аудитория сөйлеу мәтінін қабылдайды, автор мәтінді жасау барысында одан тындарман белгілі бір деңгейде әсер алуы үшін қоғамға немесе оның басқа да бөліктеріне түсінікті болатындай тілдік амалдарды қолдануы қажет. Осылайша автор және тұтынушы өз шығармасын бір ғана тыңдаушыдан басқа, сонымен бірге бірнеше тыңдаушыдан (сықақ әңгімелер, көркем әдебиеттер) тұратын аудиторияға бағыттай алады. Осыған орай, тұтынушы және аудитория мәселесі зерттеу объектісіне айналады.

Сөйлеушінің коммуникативтік мақсаты мен оның тыңдаушыға белгілі бір деңгейде әсер етудегі прагматикалық есебін фразеологиялық тұлғалардың окказионалды өзектіленуінің негізін қалаушы коммуникативтік-прагматикалық факторға жатқызамыз. Сөйлеу тілі жанрын жасау барысында коммуникативтік-прагматикалық жағдайдың барлық құрамды бөліктері маңызды рөл атқарады, яғни мәтін жасайды: тұтынушы; тыңдаушы; коммуникативтік жағдайы; қарым-қатынастың жанрлық сипатын, сөйлеу барысын (әзіл әңгімені ауызша айту) анықтайтын прагматикалық ой; прессуппозиция жиынтығы (қарым-қатынастың мақсаты мен мәні коммуниканттардың жалпы білім қоры, олардың әлеуметтік-мәдени тәжірибесі, әлеуметтік және жеке-тұлғалық ерекшеліктері және т.б.) [4]. «Мысқыл-кекесін болсын, налу-жабырқау болсын, алғыс-қарғыс, т.б. болсын, – бәрі де фразеологизмдерді шебер

қолданудан келіп шығатын құбылыстар. Әзіл-оспақ, ойнақы қалжың кей фразеологизмді тұспалдап, екі ұшты мән беруде әрекедік кездесіп қалады. Мәселен, (пәленшенің) құлағына алтын сырға тіркесін оңтайына қарай олай да, былай да қолдана беруге болады: мұның «есітпей-ақ қойсын», «тыңдамай-ақ қойсын» деген мағынасына қайшы келер жайт та кездесіп қалады. Құрдас кісілер: «Мен саған бір әңгіме айтпақ болып келдім, келіншегіңнің құлағына алтын сырға» дегенді мысқыл ретінде керісінше де қолданыла береді» [5, 602 б.]. Осы мысалдан біз құрдастар арасындағы әзіл-қалжыңды, астарлы ойды бір ғана ФТ арқылы жеткізіліп тұрғанын және одан эмотивті, күлкілі әсер беретін ерекшелікті байқаймыз.

Әңгімеге әзіл оқиғаларды, күлкілі жайттарды арқау ете отырып, автор міндетті түрде прагматикалық прессуппозицияны негізге алады, оның құрамына мыналар кіреді: сөйлеушінің жалпы білім қорына қарай баға беруі, әңгімелеушіден тыңдаушының нақты ақпарат алуы, қызығушылығы, пікірі мен көзқарасы, психологиялық көңіл-күйі, мінез-құлқының ерекшелігі мен түсіну қабілеті. Осының бәрін ескере отырып, тұтынушы белгілі бір сөйлеу тактикасы мен сөйлеу деңгейін таңдап алады. Мысалы, тыңдаушылардың құрамына қарай (әңгімелесушілердің арасында әйел және бала бар ма, қандай да бір ұжым құрамының қарым-қатынасы) әзіл айтудағы нормативтік емес лексикаға шектеу қойылады, сонымен бірге қалжың сияқты сөйлеу жанрының да ерекше айырмашылықтары болады.

Әдебиеттер

- 1 Шмелева Т.В. Речевой жанр: Опыт общепилологического осмысления // Междунар. научн-худож. журн. – 1995. – №1-2. – С. 57-65.
- 2 Сузов И.П. Прагматическая структура высказывания // Языковое общение и его единицы. – Калинин, 1986. – С. 15-21.
- 3 Болотнова А.С. Художественный текст в коммуникативном аспекте и комплексный анализ единиц лексического уровня. – Томск: Изд. Томского ин-та, 1992. – 312 с
- 4 Арутюнова Н.Д. Аномалии и язык (к проблеме языковой картины мира) // Вопросы языкознания. – 1987. – № 3. – С. 5-11.
- 5 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712

References

- 1 Shmelev T.V. Speech genre: Experience general philological interpretation // Intern. scientific and artistic. Zh. – 1995. – №1-2. – p. 57-65.
- 2 Susov I. P. Pragmatic statements // structure of linguistic communication and unity. – Kalinin, 1986. -p. 15-21.
- 3 Bolotnova A.S. The literary text in the communicative aspect and comprehensive analysis of the lexical level units. – Tomsk Univ. Tomsk Inst, 1992. – 312 p.
- 4 Arutyunova N.D. Anomalies and language (to the problem of linguistic world) // Questions of linguistics. – 1987. – № 3. – P. 5-11.
- 5 Kenesbaev I. Kazakh language phrasebook. – Almaty: Gylym, 1977. – 712 p.